

# **«Құқықтану негіздері» пәні бойынша Эссе жазу бойынша жазбаша жұмыс жүргізіледі**

**10 - сынып**

Тақырып:

**«Құқықтану саласындағы адамзаттың заманауи талаптары»**

## **«ҚҰҚЫҚТАНУ НЕГІЗДЕРІ» пәні бойынша олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу шарттары**

«Құқықтану негіздері» пәні бойынша Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңін өткізудің негізгі мақсаты оған қатысушылар арасында конкурстық іріктеу арқылы олимпиада жеңімпаздарын анықтау болып табылады.

Тапсырмалар мазмұны 10 сынып оқушыларының білімдері мен қабілеттеріне қойылатын бағдарламалық талаптарға сай келеді, алайда, Республикалық олимпиаданың пәндік қазылар алқасы жеңімпаз-қатысушылардың жұмысын бағалауда жоғарыда аталған жалпы критерийлерге сәйкес тек мектептік материалдарды ғана емес, сонымен қатар факультативтік бағдарламаларды меңгеру деңгейіне барынша жоғары талап қолданатын болады.

\*\*\*

Олимпиаданың республикалық кезеңі 10-шы сынып оқушылары үшін төрт күн ішінде екі турдан тұрады.

**I-тур. Олимпиаданың бірінші күні эссе жазу бойынша жазбаша жұмыс жүргізіледі, толық жауап берілуі тиіс.**

### **1. Жалпы сипаттамасы.**

Эссе – қысқаша очерк - жалпы гуманитарлық-құқықтық тақырыпта қысқаша очерк-пайымдау. Эссе белгілі бір мәселе немесе сұрақ бойынша жеке әсерлері мен ойларын білдіреді және тақырыпты толық түсіндіруді талап етпейді. Эссе өзіндік шығармашылық ойлау деңгейін, ақпаратты құрылымдау, себеп-салдарлық байланыстарды айқындау, өз тұжырымдары мен бағаларын дәлелдеу қабілетін көрсетеді.

## 2. Берілген тақырып бойынша эссе:

- 1) сыни ойлау дағдыларын көрсету;
- 2) пән саласы бойынша стратегиялық және кәсіби түсінігін көрсету;
- 3) эссе көлемі 500 сөзден аспауы тиіс;
- 4) эссе жазу «Дарын» бланкісінде жүргізіледі

## 3. Эссенің мазмұнына қойылатын талап:

- 1) эссе құрылымы кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады;
- 2) эссе нормативтік құқықтық, сот актілерін талдауды, құқықтық тұжырымдамаларды, құқықтық даулы жағдайларды берілген тақырыпқа сай түсіндіруді қамтиды;
- 3) эссе логикалық және дәлелді ойлау дағдыларын меңгергенін, өз ойын баяндау дәйектілігін көрсетеді;
- 4) эсседе талдаудың әртүрлі әдістері қолданылуы мүмкін.

## 4. Эссе мамандығы бойынша бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Жоқ	Ішінара	Иә
1	берілген құқықтық тақырып бойынша проблемалық сұрақтарды анықтау және талдау білігі	0	5	10
2	сыншылдығы және креативтік ойлау	0	2	5
3	өз көзқарасын дәлелдеу және растау қабілеті	0	5	10
4	қорытындыларының негізділігі	0	2	5
5	мәселені шешудің практикалық және іске асырылатын жолдарын анықтау	0	2	5
6	мемлекеттің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын білу, құқықтық сауаттылық, заңнамаға сілтеме жасау	0	5	10
7	грамматика және лексика	0	2	5
	Барлығы	<b>0</b>	<b>23</b>	<b>50</b>

1. Қазылар алқасының мүшелері жұмыстарды бағалау кезінде сәйкестендіру деректерінің құпиялылығын сақтау үшін барлық жазбаша жұмыстар (эсселер) штрих-кодтарды пайдалана отырып міндетті кодтауға жатады.

## **2. Ұпайларды азайтуға негіз болатын факторлар:**

- 1) берілген тақырыптың мәнін түсінбеу;
- 2) баяндауда құрылымдылықтың болмауы;
- 3) негізгі сұрақтың жауабын ұстай алмау (тақырыптан ұзақ алшақтау);
- 4) дәлелдеудің (дәлелдемелердің) орнына риториканы (дәлелденбеген жалпы пайымдауды) қолдану);
- 5) аналитикалық материалмен расталмаған кең сипаттамалық бөлік;
- 6) қажетсіз қайталау.

Жазбаша жұмыстарды (эсселерді) қазылар алқасының мүшелері зерделейді және бағалайды.

**I-тур тапсырмасы бойынша ең жоғары жиынтық балл**

**50 баллмен бағаланады.**

**I-турды өткізудің уақыты - 60 мин.**

**Письменная работа по написанию эссе по предмету  
«Основы правоведения»**

**10 – класс**

**Тема:**

**«Современные вызовы человечества в сфере юриспруденции»**

**Условия проведения Республиканского этапа олимпиады по предмету  
«ОСНОВЫ ПРАВОВЕДЕНИЯ»**

Основной целью заключительного этапа Республиканской олимпиады по предмету «Основы правоведения» является выявление победителей олимпиады в ходе конкурсного отбора среди ее участников.

Содержание заданий соответствует программным требованиям к знаниям и умениям учащихся 10 классов, однако, предметным жюри Республиканской олимпиады предъявляются более завышенные подходы к владению материалом не только школьной, но и факультативной программы, к оценке работ участников-победителей в соответствии с вышеизложенными общими критериями.

\*\*\*

Республиканский этап олимпиады проводится в два тура для учащихся 10-х классов в течение четырех дней.

**I тур.** В первый день олимпиады проводится письменная работа по написанию эссе, должен быть дан развернутый ответ.

**1. Общая характеристика.**

Эссе – краткий очерк – рассуждение на общую гуманитарно – правовую тематику. Эссе выражает индивидуальные впечатления и соображения по конкретному поводу или вопросу и не претендует на исчерпывающую трактовку предмета. Эссе показывает уровень самостоятельного творческого мышления, умение структурировать информацию, выделять причинно-следственные связи, аргументировать свои выводы и оценки.

**2. Эссе на заданную тему должен:**

- 1) демонстрировать навыки критического мышления;
- 2) демонстрировать стратегическое и профессиональное понимание предметной области;
- 3) объем эссе не должен превышать 500 слов;
- 4) написание эссе проводится на бланке «Дарын».

**3. Требование к содержанию эссе:**

- 1) структура эссе состоит из вводной, основной и заключительной частей;
- 2) эссе содержит анализ нормативных правовых, судебных актов, разъяснение правовых концепций, правовых спорных ситуаций на заданную тему;
- 3) эссе демонстрирует владение навыками логического и аргументированного мышления, последовательность изложения своей мысли;
- 4) в эссе могут применяться различные методы анализа.

**4. Критерии оценивания по специальности эссе:**

№	Критерии оценивания	Нет	Частично	Да
1	умение выявлять и анализировать проблемные вопросы по заданной правовой теме	0	5	10
2	критичность и креативность мышления	0	2	5
3	умение аргументировать и подтвердить свою точку зрения	0	5	10

4	обоснованность выводов	0	2	5
5	определение практических и реализуемых путей решения проблемы	0	2	5
6	знание стратегических и программных документов государства, правовая грамотность, ссылка на законодательство	0	5	10
7	грамматика и лексика	0	2	5
	Всего	<b>0</b>	<b>23</b>	<b>50</b>

1. Все письменные работы (эссе), подлежат обязательному кодированию с использованием штрих-кодов для соблюдения конфиденциальности идентификационных данных при оценке работ членами жюри.

2. Факторы, которые дают основание для снижения баллов:

- 1) непонимание сути заданной темы;
- 2) отсутствие структурированности в изложении;
- 3) неумение придерживаться ответа на основной вопрос (пространные отвлечения от темы);
- 4) использование риторики (бездоказательных общих рассуждений) вместо аргументации (доказательств);
- 5) обширная описательная часть, не подкреплённая аналитическим материалом;
- 6) повторы без необходимости.

Письменные работы (эссе) изучаются и оцениваются членами жюри.

Максимальный суммарный балл по заданию 1 тура оценивается

в 50 баллов.

**Время проведения I тура – 60 мин.**